

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

## СЕКЦИЯ 10 ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ

### Подсекция 10.1 История и теория государства и права, конституционного права

УДК 351/354

#### ҚР ЖЕРЛЕУ ЖӘНЕ ЖЕРЛЕУ ІСІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕЛЕР

**Абилдаева Аружан Қайратқызы**

[abildaevaa.aruzhan@icloud.com](mailto:abildaevaa.aruzhan@icloud.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, заң факультеті 3 курс, «Құқықтану» мамандығының студенті,  
Ғылыми жетекші – заң ғылымдарының докторы  
Ибрагимов Ж.И.

Адам өмірге келген соң оның өмірден өтуі міндетті түрде орын алатын, табиғи процесс. Ал ол қоғамда болып жатқандықтан міндетті түрде заң бойынша реттелуге тиіс. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында бірнеше заңдар қарастырылған.

Олар: Жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 48 бұйрығы және Зираттарға және жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 тамыздағы № ҚР ДСМ-81 бұйрығы. Бұл заңдар сөз жүзінде болғанымен, нақты іске келгенде қайшылықтар өте көп. Мысалы, Жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы бойынша

- 1) жерлеу үшін орын бөлу тәртібін.
- 2) қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеу тәртібі.
- 3) зираттарды жобалау және салу тәртібін.
- 4) жерлеу орындарын абаттандыруды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстау тәртібін.
- 5) зиратқа арналған жер учаскелерін есепке алу және тіркеу тәртібін.
- 6) зират қорымдарын күтіп-ұстауға және оларға қызмет көрсетуге шарт жасасу және

оның талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін Үлгілік қағидаларға сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктері әзірлейді. Алайда жерлеуге және жер телімдерін бөлуге бақылау жоқ. Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 109-бабының 3-тармағына сәйкес, алып жатқан және зираттарды орналастыруға арналған жалпы пайдаланудағы жерлерден сол елді мекенде әрбір қайтыс болған елді мекен тұрғынына немесе тұрақты тұрғылықты жері жоқ адамға – жерлеуге кемінде алты шаршы метр жер учаскесі тегін беріледі. Яғни, адамдар тек жерлеу қызметтерін төлеуі керек. Алайда, Алматы қаласының тұрғынының Facebook әлеуметтік желісінде айтуы бойынша 2006 жылы «Бұрұндай қорымындағы» бір орын 300 доллар, ал қос орын 500 доллар тұратынын, ал 2020 жылы орынның құны 300 мыңнан орналасқан жеріне байланысты 1,5 миллион теңгеге дейін өзгергенін жазды. Бұл сияқты оқиғалар өте көп. Бұл жағдайды бақылайтын орган жоқ.

Бақыланбақ түгілі мемлекеттік органдардың өздері пайда көргілері келіп, жемқорлыққа жол береді. Мәселен, Петропавл қаласының тұрғыны журналистерге анасы қайтыс болғанда жедел жәрдем мен полиция шақырғанын айтқан. Қоңыраудан кейін екі минуттан кейін оған жерлеу мекемесінен телефон шалып: «Мәйітті шығарамыз ба?» деген

сұрақ қойыпты. Ер адам таң қалып, өлім туралы қайдан білетіндерін бірнеше рет сұраса, олар телефонды жай ғана қойып қойған.

Алматы қаласында мәйітті эксгумациялау қажеттілігі туындап, тергеу органдары түрлі шараларды қолданған, бірақ нәтиже болмаған. Мәйіт 2009 жылы Алматы облысы Талғар ауданындағы Көктөбе христиан зиратында жерленген. Бұл жерлер 2012 жылы Алматы қаласының аумағына көшкен. Көшіп кеткеннен кейін зираттың құжаты жоқ. Туыстарымен бірге жерленген жерді табуға тырысқан. Адамдар жерленген, бірақ жерлеу тәртібі мен жазбалары сақталмаған болып шықты, деп түсіндірді прокурор. Міне осындай жағдайларда нақты ережелердің жоқтығы жақындарының жерлеу орындарын табуды қиындатады. Сонымен қатар, эксгумация (қайтыс болу себебін анықтау немесе мәйіттің ұқсастығына көз жеткізу мақсатында жерленген мәйітті қайта ашу) мен жерлеудің нақты ережелері жоқтығы, жерлеу мәселелерін реттейтін заңнамалық актінің болмауы түрлі құқықбұзушылықтарға алып келеді

Жерлеу орындарын абаттандыруды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстау тәртібіне келетін болсақ олда үлкен мәселе. Қазіргі зираттардың жағдайы қорқынышты. Бізде бұзақылық, қиянат жасау, қола бюсттерді, металл қоршауларды ұрлау фактілері көп. Адамдар шылым шегеді, ішеді және бейіттерге қоқыс тастайды. Оларды бақылап, жауапкершілік алатын жергілікті атқарушы органдар тиісті түрде міндеттерін орындамайды. Біздің елде ол туралы Зираттарға және жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 тамыздағы бұйрығы бар. Алайда іс жүзінде мүлдем орындалмайтын заң.

Ең үлкен мәселердің бірі жерлеу рәсімдері бизнеске айналған. Бұл кәсіп ең табысты кәсіптердің бірі болып табылады. Көлеңкелі жерлеу бизнесімен айналысатындардың ешқандай құжаты жоқ, ол делдалдық негізде жұмыс жасайды. Бұл коммерция әлдеқашан желілік маркетингке айналған. Қара агенттер жедел медициналық қызметкерлер, полиция және өрт сөндірушілер арқылы қайтыс болғандар туралы ақпаратты алады. Сол бойынша туыстарына хабарласып, өз қызметтерін көрсетеді. 2022 жылы Қазақстанда жерлеу қызметтерінің көлемі 2,9 есе өсіп, 13,9 млрд теңгеге жеткенін Finprom.kz жариялаған болатын. 2022 жылдың наурыз айының соңынан бастап Қазақстанда жерлеу қызметтері 24,6%-ға қымбаттады. Бағаның ең күрт өсуі Маңғыстау (+61,8%), Қызылорда (+59,1%) облыстарында және Солтүстік Қазақстан облысында (+52,7%) тіркелді. Мұның барлығы жерлеу қызметтерінің жұмыстарын бақылап, қадағалап, заң бойынша қызметтерін нақты шекті бағасын бекітіп, заңдастыру керек екенін көрсетеді.

Осы кемшіліктердің барлығы ҚР-да «Жерлеу және жерлеу ісі туралы» жаңа заңның керек екендігінің нақты көрінісі деп ойлаймыз. Сонымен қатар бірнеше ұсыныс келтіргім келеді.

Ресей, АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Италия, Канада елдерінде жерлеу ғұрыптарын өткізетін ұйымдар заңмен қадағаланады және жұмыстарының шекті бағалары қойылады. Бұл заңды Қазақстан Республикасына енгізудің маңызы өте үлкен деп ойлаймын. Себебі елде бағалары белгілі бір қадағалаусыз күннен күнге өсуде. Соған орай жерлеуді өткізетін ұйымдардың бағасы орташа айлық жалақы мөлшерінен аспаса деген ұсынысым бар.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жерлеуге арналған жәрдемақы зейнеткерлер, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік арнайы жәрдемақы алушылар қайтыс болған жағдайда тағайындалады. Жерлеуге арналған біржолғы төлем мөлшері 2023 жылғы 1 шілдеден бастап 35 айлық есептік көрсеткіш, яғни 120 750 теңге. Бұл өте аз деп. Сол себепті бұл көмектің мөлшерін орташа айлық жалақы мөлшерімен есептелегені орынды деп ойлаймыз.

Жоғарыда айтылып өткендей зираттардың айналасы өте лас және қоршаусыз зираттар өте көп. Соған орай нақты бір қадағалайтын мекеме құрылып, зираттарға кемінде аптасына

бір рет тексеріс жасайтын тұлғаны тағайындап, зират қорымдарына қоршау қойып оның тазалығын тексеру керек. Сонымен қатар зираттардың жерін сату дауына байланысты прокуратура мониторинг жиі жүргізуі керек.

Қорыта келгенде, бұл заңды қабылдау жерлеуге қатысты болып жатқан көптеген мәселені шешуге тікелей әсер етеді. Қазір заңнамалық актінің болмауы "болашақта үлкен дауға әкелуі мүмкін" және еліміздің дамуының тежелуіне әкеп соғатын бірден-бір мәселе. Жерлеу заңы өмірден өткен адамды құрметпен қоштасу, сондай-ақ жерлеу орындарын басқару және жерлеу рәсімдері мен бейіттерге күтім көрсетуге қатысты дауларды шешу процестерін реттеу арқылы қоғамда маңызды рөл атқарады.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР Жер Кодексі Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Кодексі.
2. Жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 48 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018771>
3. санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 тамыздағы № ҚР ДСМ-81 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100024066>
4. <https://informburo.kz/amp/novosti/smert-ne-po-karmanu-ritualnye-uslugi-v-kazaxstane-podorozali-na-25-za-god>
5. <https://online.zakon.kz/m/amp/document/35991696>
6. [https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/kazakstanda-zirattardyi-kutp-ustau-turalyi-zan-azrleu-329504/amp/](https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakstanda-zirattardyi-kutp-ustau-turalyi-zan-azrleu-329504/amp/)

УДК 351/354

## **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ ПӘНІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Амангелдиева Диана Жанибекқызы**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

[amangeldiyeva.diana@internet.ru](mailto:amangeldiyeva.diana@internet.ru)

Ғылыми жетекшісі

з.ғ.д., профессор Ибрагимов Жамаладен Ибрагимович

Еліміз өз егемендігін алған уақыттан бастап мемлекетімізде болып жатқан барлық жағыдайларға қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу барысындағы іс-қимылдары өте өзекті мәселелердің бірі. Демократиялық елдерге тән біздің қоғамымыз да ашық, әрі адам құқықтарының ғана емес жалпы заңдылық қағидасының дұрыс түсінігі мен оның нормаларының орындалуының көрсеткіші адамның құқықтық мәдениетіне байланысты болып отыр. Осы орайда құқықтық мемлекет орнатушы Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпы мәдениетті қалыптастыруы қажет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу барысында халықтың рухани этникалық құқықтық деңгейде қабылдау жағыдайын қалыптастырудың тиімді тәсілі екенін көрсетіп отыр.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің мәнін «сыбайлас жемқорлық» ұғымының мазмұнын, осы этностық әлеуметтік құбылыстың тарихи түп-тамырын түсінбейінше, ұғыну мүмкін емес. Сыбайлас жемқорлық ұғымы қазіргі ғылыми және қоғамдық-саяси әдебиетте